

БЕКІТЕМІН
«Нұр-Жеңіс» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
О.Усербаева



«Нұр-Жеңіс» бөбекжай балабақшасының
2022-2023 оқу жылының
Өндірістік кеңес хаттамалары

Өндірістік кеңестің

№1 хаттамасы

2022 қыркүйек

Қатысқандар – 20

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына арналған «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» тақырыбындағы Жолдауы.

Тыңдалды: Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің Қазақстан халқына арналған Жолдауы жайында балабақша меңгерушісі О. Усербаева сөз алды. Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын! Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады. Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады. Енді реформалардың нақты бағдарларына тоқталайын.

БІРІНШІ БАҒДАР. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ.

Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ. Әрине, мұның барлығы – күрделі мәселелер. Бірақ, оны шешудің нақты жолдары бар. Атап айтсақ, бұл – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру. Сондықтан, тың тәсілдер қажет екені сөзсіз. Экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді. Оның мәні – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру.

ЕКІНШІ БАҒДАР. НАҚТЫ СЕКТОРДЫ ДАМУ.

Ең алдымен, жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді барынша жеңілдету керек. Геологиялық ақпарат туралы бірыңғай мәліметтер банкін құру жұмысын аяқтау қажет. Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруды тапсырамын. Былтыр менің тапсырмам бойынша барлық арнайы экономикалық аймақтың тиімділігі бағаланды. Соның нәтижесінде түйткілді тұстарды анықтап, тың тәсілдерді ойластырдық. Енді арнайы экономикалық аймақтарды дамыту үшін мүлде

басқа саясатқа көшкен жөн. Қазіргі таңда шетел компаниялары Қазақстанға көше бастады. Сондықтан, бұл мәселе тіпті өзекті болып отыр.

ҮШІНШІ БАҒДАР. ЕЛ БОЛАШАҒЫНА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ. Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, оның жағдайы әлі де маз емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Сондықтан, аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Соның бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен, жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр. Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен. Тіпті, сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда. Бұл – үлкен олқылық. Ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті.

ӨРТІНШІ БАҒДАР. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ. Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет. Жұрт бос сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды. Саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса назар аудару керек. Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге берген жөн. Нақты бір саладағы саясатқа «ұжымдасқан кабинет» емес, нақты бір министр жауапты болуға тиіс. Үкімет салааралық мәселелерді шешумен шұғылдануы қажет. Премьер-Министр Кеңесін мемлекеттік басқару ісінің үздік стандарттарына сай келетін, ықшам Үкімет аппараты ретінде қайта құру осы бағыттағы алғашқы қадам болмақ. Басты мақсат – оның атауын өзгерту емес, нақты реформа жасау. Біз орталық мекемелерді оңтайландыру арқылы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін айтарлықтай кеңейтуіміз керек. Бұл тәсіл қордаланған мәселелерді өңірлерде, ел ішінде шешуге мүмкіндік береді.

БЕСІНШІ БАҒДАР. ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП. Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек. Көптеген сот төрағасы лауазымы судья лауазымы болып өзгереді. Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізуді ұсынамын. Жоғарғы Сот судьяларын да сайлау арқылы таңдау тәсілін енгізген жөн. Ол үшін Президент үміткерлерді баламалы негізде Сенатқа ұсынуы керек. Аталған салаға мықты заңгерлерді тарту үшін материалдық жағдай жасау қажет.

Сонымен, биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Содан кейін Үкімет құрамы жасақталады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады. Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру


аса маңызды. Жаңа сайлау науқанының мерзімдерін және оның ретін елге ашық жариялау шешім қабылдау кезіндегі ашықтық қағидасына сай келеді. Осы қадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалы Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламызды біртіндеп нақты мән-мазмұнымен байыта түседі. Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін бірігуге шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз. Әділетті Қазақстанды құру ісіненді ғана басталды. Алдағы жылдың қиындығы көп. Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді. Қол қусырып отыратындыр мен қасақана кедері жасайтындарға орын жоқ. Біз таңдаған жолымыздан айнамаймыз! Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық! Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын.

Шешімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстанды халқына арналған «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» тақырыбындағы жолдауын қолдаймыз.

Кеңес төрайымы:

Хатшы



О.Усербаева

Нарова.Н

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру шараларының, ағымды жөндеу жұмыстарының қорытындысы.
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау.
3. Қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібі, жұмыс кестесі мен лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
4. «Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» баяндама.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О. Усербаева сөз алды. Ол өз сөзінде жаңа оқу жылымен құттықтап, жұмыстарына шығармашылық табыс тіледі. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды. Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл

– қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын – сауықтарға үлкен мән берілді. Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Жаз айларына арналған іс – шаралар тізіліп, тәрбиешілер, музыка жетекшісімен бірге балалардың қорғау күніне «Бақытты балалық шақ», «Сәлем жаз!», спорттық ойын сауық, тас жолда сурет салу көрмесі, әртүрлі іс-шаралар өткізіліп, балалар үшін қызықты мереке болды. Жаз мезгілінде ата – аналарға ақыл кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануыда қадағалауда болды. Жаз мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітілді. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастырып, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды. Жазғы сауықтыру шаралары барлық топтарда толық өткізілді, іс-шаралары тапсырылды. Балаларымыз жазғы сауықтыруларды көңілді әрі қызықты өткізді. Алдағы жаңа оқу жылына да сіздерге жұмыстарыңызды табысты орындауға сәттілік тілеймін. Ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша балабақшаның шаруа меңгерушісі сөз алды. Балабақшаның барлық ішкі және сыртқы стеналары толықтай ақталып сырланғанын және сыртқы ауладағы ойыншықтар толықтай жөндеуден өткізіліп сырланғаны жөнінде атап биылғы жаңа оқу жылына толықтай дайын екендігін атап айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша топтардың стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жаңа оқу-жылына дайындығы жөнінде балабақша әдіскері З.Жаппарбергенова сөз алды. Балабақшада балаларға жан-жақты жағдай жасалған. Бес дағды бойынша

өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспарын түзуде, мақсаттарын жас ерекшелігіне сай етіп негізге аламыз. Ойын, еңбек, серуен, сауықтыру шараларын, мерекелер, гигиеналық шараларды өз жасына қарай меңгеруі. Әр тәрбиеші өз тобының атқарылған оқу-тәрбие процесінде нені ескеруі керек, нені басшылыққа алу керек, неге сүйену керек, қауіпсіз орта құрылып, материалдық техникалық база қамтылуы тиісті. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарт талаптарына сай іс-әрекетін ұйымдастыруымыз қажет. Демек, педагогтарымыз да тиянақты өнерлі жан-жақты ізденімпаз болуы тиісті. Балалармен оқу тәрбие жұмысын ата-аналармен ынтымақты қарым-қатынас орната білуі, туындаған мәселені бірге шешетін маман болуы тиіс. Балалардың денсаулығын, қауіпсіздігін тексере отырып, өз жауапкершілігіне сай оқу-тәрбие ісін ұйымдастырып ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі бойынша дайындалып көрнекілікпен қызықты етіп өткізуі тиісті. Ойын кезінде де баланы жалықтырып алмау, серуен кезінде қауіпсіздігін ескеріп бақылау еңбек ойын ұйымдастыра білуі керек. Қазіргі таңда барлық топтар стандарт талаптарына сай жабдықталып, жаңа оқу жылының тізімдері жасалып, жас ерекшеліктері анықталды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О. Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде балабақшамызда мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады. Оны ұйымдастырып, жағдай жасайтын осы ұжымның барлық қызметкерлерінің атқаратын өз міндеттері бар. Әрбір қызметкердің лауазымдық міндеттері бекітіліп берілген. Әрқайсымыз өз лауазымдық міндеттерімізбен танысып, қайта оқып шығып, оны орындаймын деп өз қолдарыңызды қойыңыздар. Қол қойып қайта танысып шыққан соң, ең алдымен баланың денсаулығына өміріне жауап беретінімізді қайта жаңғыртып, ішкі еңбек тәртібіне бағынуды ұмытпауымыз қажет. балабақшада әр топта күн тәртібі бекітілген, сол күн тәртібі бойынша жұмыс жасауларыңызды сұраймын. Сонымен қатар тәрбиешілердің жұмыс кестесі туралы айтып өтті және балабақша меңгерушісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының біліктілік сипаттамасы мен таныстырды. Балабақшаның қызметін бірге атқарып жүрген соң ұжымда ауызбіршілік, ынтымақ, келіссөз болуын талап етемін деп атап өтті. Төртінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі А.Таймырзаева «Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Еліміз жаңа принциптерге негізделген егемен мемлекет құруда Үкіметіміз білім беру мекемелеріне Тәуелсіз мемлекетімізді өркениетті елдер қатарына жеткізетін ұл - қыз тәрбиелеуді талап етуде. Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда соны әрі айрықша шешім қабылдайтын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның

шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайды баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып, төмендегі тәсілдерді тиімді қолдану қажет:

1. Бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу.
2. Білімін қосымша әдебиеттермен толықтыру.
3. Жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор» - деп, үнемі балаға шабыт беріп отыру.

Әр тәрбиешінің алдындағы сәулелі мұрат шәкіртіне білім, тәрбие беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу. Сол «менді» шығармашылық тұлғаға айналдыру. Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам. Сәбиді жоғары деңгейдегі білім мен адамгершілікке баулитын тәрбиешінің бойында барлық асыл қасиеттердің табылуы тиіс. Өйткені, тәрбиеші бала болмысын, жүзін көріп түзелер айна іспетті. Бала қабілетінің ашылуы үшін тәрбиеші жаңашыл, білімді, іскер, қабілетті, жауапкершілік сезімді, жаңа технологияны толық меңгерген, өз ісінің шебері болуы керек:

Бала қабілетінің ашылуы үшін;

1. Тәрбиеші білімін ұдайы жетілдіріп, кәсібі шеберлігін шыңдауы тиіс.
2. Бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау керек.
3. Баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру қажет.
4. Ата-анамен тығыз байланыс орнағаны жөн.
5. Баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек.

Оқу мен тәрбиенің егіз екенін бір сәт те естен шығармаған жөн, соның нәтижесінде ғана сапалы білім мен саналы тәрбиеге қол жеткізуге болады. Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал - мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән - күйлер мен билерді кіріктіріп отырдық. Сосын нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады. Балалардың шығармашылығы тек ролдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар даындағанда да көрінді. Қуыршақтардың түр - түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезіндегі ұжымдық жұмысатр балалардың ұйымшылдығы мен белсендігін арттырды. Ата – аналармен жұмыс жүргізілді. Балалардың өз үйлерінде ата - аналармен, туыс туғандармен арасында болатын қарым – қатынастары туралы ата - аналармен әңгіме, кеңестер өткізіп, арнайы анкета бойынша жұмыс жүргіздік. Бұл арқылы балалардың өзімізге белгісіз, бейтаныс қасиеттерінен хабарлар болды. Ата - аналар да театрды ұйымдастыруға көмектесті, материалдар, қолғаптар,

кезекті құралдар әкелді. Балабақшада алған алғашқы осындай мәліметтер олардың ішінде кейбір дарандылардың өнер жолына түсуіне игілікті әсерін тигізері анық.

Педагогикалық ұжымның талмай ізденуі, аянбай еткен еңбегінің бір өтеуі болғандай балалармен өткізген шығармашылық жұмыстары қазір көрінбесе де, түбінде кім біледі, бәлкім жылдар жылжып өткеннен кейін, үлкен өмір төрінде төбе көрсетіп қалар, еліміздің өнерлі азаматтарының бірі болады деп сенеміз, өйткені балабақша шығармашылық негізі салынған.

Шешімі:

1. Жазғы сауықтыру іс-шараларының құжаттары тапсырылысын.
2. Стандарт талаптарына сай топтар жабдықталып, балалар тізімдері жас ерекшеліктеріне сай реттеліп жасалсын.
3. Лауазымдық міндеттері өз уақытында орындалсын, қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында қызметкерлер мен балаларға нұсқау жүргізілсін.
4. Балаларды шығармашылық өнерге үйрету жұмыстарын тәрбиешілер қолға алсын.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

Өндірістік кеңестің
№3 хаттамасы

2022 желтоқсан

Қатысқандар – 17

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мереке күндеріндегі балалар тамағы.
3. Жылу жүйесін бақылау.
4. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О. Усербаева сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Жазғы сауықтыру шаралары барлық топтарда толық өткізіліп, іс-шаралары, құжаттары тапсырылды. Жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Сонымен қатар күн тәртібі, жылдық жоспар стандарт талаптарына сай бекітілді. Балалардың тізімдері анықталып, қажетті орындарға іліп қойылды. Балабақша қызметкерлері балабақшаның күн тәртібі, жұмыс кестесі мен лауазымдық міндеттерімен таныстырылды. Қауіпсіздік ережелері сақталынып, қызметкерлер мен балаларға нұсқау жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі К.Балыкбаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде дұрыс дайындалған тамақтың балалар мен жасөспірімдердің денесі мен ақылының бірқалыпты дамуы үшін мәні зор. Тамақтың жетіспеуі балалардың бойының өсуі мен дамуын кешеуілдетіп, организмнің әр түрлі ауруларға қарсыласуын төмендетеді. Әсіресе, балабақшада мектеп жасына дейінгі кезеңде витаминдердің ағзаға жеткілікті түсуі маңызды. Балаға тағамның көлемі ғана емес, оның энергетикалық құндылығы да маңызды екенін есте сақтау керек. Тамақтану – баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Біздің балабақшада тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар: Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді. Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңестірілген. Тамақ мөлшерінің теңестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері. Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтану мәдениетін дағдыландыруға себепші болады. Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі) Балабақшамызда мереке күндері балаларға түрлі жемістер беріледі. Тамақтану әдеті бала кезден қалыптасқандықтан қисынсыз дағдылар өмір бойы сақталып, баланың ағзасына кері әсерін тигізуі мүмкін. Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балаларды

тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар. Тәрбиеші Т.Кошаметова сөзге шығып, балаларға әр мерекеде түрлі жемістер, иогурт, түрлі тосаптар беріледі. Ата-аналар тарапынан алғыстарын да білдіріп жатыр. Балалар енді Жаңа жыл мерекесін асыға күтуде. Дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор.

Үшінші мәселе бойынша балабақшада жылу жүйесін бақылау туралы балабақшаның шаруашылық меңгерушісі сөз алып «Жаз ыстық болса, қыста дәл солай суық болады» деген қазақта бұрыннан қалыптасқан тәсіл бар. Биыл көктемнің кеш шығып, аяқ астынан күрт ысуын ескерсек, күз бен қыстың ауа райына да сенім жоқ. Білесіздер былтыр балабақшамызда бірқатар өзгерістер болып, біраз жұмыстар атқарылды. Жылу қазандықтары яғни пештеріміз балабақшамызды тәулік бойы жылумен қамтамасыз етіп отыр. Қысқы жылыту маусымына дайындық еш уақытта өзектілігін жоғалтпайтын мәселенің бірі екендігі даусыз. Оған дайындық жұмыстары көктем, жаз айларынан басталып кететіні де сондықтан. Жылу жүйесі толық іске қосылды. Топтарымыздың, кабинеттеріміздің іші жып жылы болып жеңіл киіммен жүруге болатындай жағдай жасалынған. Барлық топтарымыз 20-21 градусты көрсетіп тұр. Жылу жүйесінің мәліметін әр аптаның жұма күндері Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне тапсырып отырмыз.

Төртінші мәселе бойынша Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы балабақша әдіскері сөз сөйледі. Өз сөзінде, Жаңа жыл мерекесі – балалар үшін де, ересек адамдар үшін де үлкен мереке. Бұл мерекенің көңілді болып өтуіне көңілге кірбің түспеуі үшін барлық сақтау шараларын қарастырып, іске асырған жөн. Төмендегі өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін естеріңізге салайын. – Шыршаны шүберекпен және пластик ойыншықтармен безендірмеу, – Шыршанының түбін мақтамен қаптамау, – Шыршаны тек өнеркәсіптік өндірістің электр гирляндларымен жағуға, – Ғимаратта от жағуға, бенгал шамдарын қолдануға және отшашуды атуға болмайды. Тәртіпті сақтау, өрт қауіпсіздігіне жауапты әкімшіліктің және басқа да тұлғалардың заңды ескертулері мен талаптарын орындау, – Басқаларға қауіп төндіретін және төтенше жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу, – Іс-шаралар аяқталғаннан кейін ғимараттар мен құрылыстардан ұйымдасқан түрде шығуды жүзеге асыру. Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтап, Жаңа жыл мерекесі кезінде өз-өзімізге ұқыпты болайық. Жаңа жыл мерекесін өткізудегі маңызды сәт залды безендіру. Мерекені безендірілмеген бөлмеде өткізуге болмайды, себебі безендірулер балаларда жағымды эмоция тудырады және мерекелік атмосфера қалыптастырады. Залды, дәлізді, топты шығармашылықпен безендіру, мерекедегі жеке орындауға костюмдер мен атрибуттарды дайындау балалардың қызығушылығын тудырады, оларды ерекше әсерге бөлейді. Өтетін залды әдемі етіп безендіріңіздер. Санитарлық талаптарды да ескеріңіздер.

Шешімі:

1. Мереке күндеріндегі балалар тамағы санитарлық ережелерге сәйкес берілсін.
2. Қазандықтарды бақылап, жылу туралы мәлімет уақытында тапсырылсын.
3. Жаңа жыл мерекелік іс-шарасында қауіпсіздік ережелері сақталсын.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

2023 наурыз

Қатысқандар – 18

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы.
3. Көгалдандыру жұмыстары.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О. Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Мереке күндеріндегі балалар тамағы санитарлық ережелерге сәйкес беріліп жатыр. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар. Жылу жүйесі туралы айтсам, пештеріміз балабақшаны тәулік бойы жылумен қамтамасыз етіп отыр. Топтарымыздың, кабинеттеріміздің іші жып-жылы. Жылу жүйесінің мәліметін әр аптаның жұма күндері Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне тапсырып отырмыз. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде барлық топтарда қауіпсіздік ережелері қатаң сақталды. Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында кезекшіліктер ұйымдастырылды. Залды ұқыпты әрі әдемі етіп безендіріп, мерекелік іс-шара ойдағыдай өтті.

Екінші мәселе бойынша «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы балабақшаның шаруашылық меңгерушісі З.Паташова сөз алды. Ол кісі өз сөзінде балабақшада өрт қауіпсіздігі назар аударуды қажет ететін басты тақырыптардың бірі болып табылады. Балалардың өмірін мүмкіндігінше қорғау үшін, осы мекеменің барлық қызметкерлері өрт сөндіру жөніндегі нұсқауды тыңдап, қажет болған жағдайда өртке қарсы және өрт сөндіру әдістерінен өту керек. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығына үлкен жауапкершілік жүктейтінін түсінуі керек. Өрттің пайда болуын болдырмау үшін газ және электр аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындауымыз қажет. Балабақшаның төңірегін бақылау өте маңызды. Қоқыс ғимараттың сыртында арнайы аумаққа уақытылы жеткізілуі тиіс. Өрт болған жағдайда ең алдымен, эвакуацияның кірістерін және шығуын тексеру қажет. Есіктерді ішкі жағынан кішкене оңай ашылатын бұрандамен жабу маңызды. Балаларға эвакуациялау балабақшаға ең жақын ғимаратта жүргізіледі. Ең бастысы – балаларды балабақшаның ең кішкентай эвакуациясы. Балалар дымқыл сүлгімен немесе көрпемен жабылуы керек, түтінді ортадағы терезелерді ашуы керек. Егер бөлмеде өрт шықса, терезелерді ашуға болмайды, өйткені жобаның арқасында пайдалы от пайда болуы мүмкін. Жанып тұрған бөлмеден жылдам шығу үшін шығыңқы жерге барып, мұрын мен ауызды дымқыл шүберекпен жабу керек. Егер баланың киімі өрт кезінде өртеніп

кетсе, онда оны ылғал шүберекпен орап, оттегінің енуін тоқтату үшін ағзаны қысып тастау керек. Киімді өшіру үшін өрт сөндіргішті ешқашан пайдаланбаңыздар. Балабақшаның жоспары дәліздер мен бөлмелердің қабырғаларында онда көрсетілген қатаң тәртіпте ілінуі керек. Балабақшадағы оқыту тоқсанына кемінде бір рет өткізілетінін білесіздер. Балабақшада тәрбиеші балалардан тұрған жерлерін қараусыз қалдыруға құқылы емес. Таңертең жұмысқа келгенде, тәрбиеші топтағы барлық үй-жайларды ақаулықтардың болуы үшін тексереді. Олар анықталған кезде, басшыға немесе АПП-ға хабарласуларыңыз қажет.

«Өрт шыққан жағдайда қандай әрекет жасаймыз?» өрт шыққанда үрейленбе «101» немесе «112» нөміріне қоңырау шал.

«Газ құбырының қақпағын жап»

«Өрт өршімеу үшін терезе мен есікті ашпа»

«Суланған мата арқылы демалыңыз»

«Киіміңізді сулаңыз немесе суланған матаны жамылып алыңыз»

«Еденге жақын еңкейіп немесе еңбектеп жүріңіз»

Әрдайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтап, өрттен сақ болыңыздар. Ең бастысы, өрттің туындауына жол бермейік.

Үшінші мәселе көгалдандыру жұмыстары бойынша балабақша әдіскері А.Избасарова сөз алды. Ол өз сөзінде жыл бойына балабақшада көптеген жұмыстар жасалады. Көктем – гүлдердің, түстердің және қуаныштың маусымы. Азды – көпті салқын қыстан кейін ағаштар қайтадан жапырақтарға толады және көптеген өсімдіктер тозандандырғыштарды тарту үшін ең әдемі жапырақшаларды шығаруға тырысады. Балабақшамызда әр топтың өзіне белгіленген алаңы бар. Осы алаңдарға гүл, көшет отырғызу қажет. Көгалдандыру жұмыстарына барлық қызметкерлер түгел атсалысу керек. Жалпы айта келгенде балабақшада көгалдандыру жұмысының жүргізілуі өте маңызды. Былтырғы жылы 10 түп мәуе ағашы, 10 түп қара тал ағаштарын отырғыздық. Кейбір ағаштар өніп кете алмады. Отырғызған ағаштарды, гүл көшеттеріне жауапкершілікпен қарап, қажет кезде су құйып баптау керек. Балабақшамыздың әдемі болып көркеюі өз қолымызда. Аулаларды көгалдандырып болған соң, ойын алаңдарында қалпына келтіруіміз қажет. Балақайлардың ойнауына ыңғайлы болу үшін барымызды салайық. Күн жылынды алдағы уақытта сенбіліктерге түгел қатысып, жан- жақты тазалау жұмыстарын жүргізуіміз қажет. Біздің балабақшаның қызметкерлері, кішкентай бүлдіршіндері, ата-аналары да игі іске тосылып қалған жоқ. Бір кісідей жең түріп, бел буа кірісетінімізге сенімдімін. Осы көгалдандыру жұмыстары арқылы балалар қоршаған ортасын танып біледі. Қазірдің өзінде балалар таңертең келісімен тәрбиеші апайлармен бірге гүлдерге, ағаштарға су құйуға қызығушылық танытып бірге еңбек етеді. Бұл өз кезегінде балаларды ұжымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеудің даңғыл жолы екені сөзсіз. Қазақта «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген аталы сөз бар. Отырғызған көшетіміздің жайқалып өсуі үшін, оған барлығымыз бірге қарайтын боламыз. Балабақшаның ауласын көгалдандыру мен тазалау жұмыстары әлі жалғасын таппақ.

Шешімі:

1. Балабақшаның барлық қызметкерлері өрт сөндіру жөніндегі нұсқаулықты тыңдап , таныстырылсын.
2. Балабақшаның ауласын көгалдандыру мен тазалау жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

2023 маусым

Қатысқандар – 18

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаз мезгіліндегі рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау.
3. Бала денсаулығын нығайту. Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары.
4. Жазғы маусымға балабақша ауласын дайындау.
5. Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О. Усербаева сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығына үлкен жауапкершілік жүктейтінін түсінуі керек. Өрттің пайда болуын болдырмау үшін газ және электр аспаптарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындауымыз қажет. Балабақшаның төңірегін бақылау өте маңызды. Қоқыс ғимараттың сыртында арнайы аумаққа уақытылы жеткізілуі тиіс. Өрт болған жағдайда ең алдымен, эвакуацияның кірістерін және шығуын тексеру қажет. Есіктерді ішкі жағынан кішкене оңай ашылатын бұрандамен жабу маңызды. Балаларға эвакуациялау балабақшаға ең жақын ғимаратта жүргізіледі. Ең бастысы

– балаларды балабақшаның ең кішкентай эвакуациясы. Балабақшаның барлық қызметкерлеріне өрт сөндіру жөніндегі нұсқаулықты тыңдап, таныстырылды. Көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Отырғызған ағаштарды, гүл көшеттеріне жауапкершілікпен қарап, қажет кезде су құйып баптап келеді. Балабақшамыздың әдемі болып көркейуіне ат салысуда. Күн жылынды балабақша қызметкерлері сенбіліктерге түгел қатысып, жан-жақты тазалау жұмыстарын жүргізіп отыр. Ата-аналары да игі іске тосылып қалған жоқ. Бір кісідей жең түріп, бел буа кірісіп келеді. Осы көгалдандыру жұмыстары арқылы балалар қоршаған ортасын танып біледі. Қазірдің өзінде балалар таңертең келісімен тәрбиеші апайлармен бірге гүлдерге, ағаштарға су құйуға қызығушылық танытып бірге еңбек етеді.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі К.Балыкбаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде күн жылынғаннан кейін ата –аналар балалардың селқос тамақтануын жиі байқайды, олардың өздерінің сүйікті тамақтарын да жеуге зауқы болмайды. Бұл мезгілде олар сұйықтықты көп ішеді.Ата – аналарды да түсінуге болады – бала тамақты аз ішсе ,ол сөз жоқ салмақ қосуына кесел келтіреді деп ойлайды. Бірақ дәрігерлер уайымдауға еш себеп жоқ екенін айтады: өйткені жаз кезінде ауа – райының ыссы болуына байланысты зат алмасу процесі төмендеп бала ағзасына

өте аз калория қажет болып, сонымен қатар сұйықтықтың және дәрумендер мен минералдардың қажетті мөлшері түсіп отыруы қажет. Мамандар бұл кезеңде отбасы мүшелеріне жеңіл әрі суытылған тағамға көшуді ұсынады. Жазғы ас мәзірі басқа жыл мезгілдерінің мәзірінен ерекшеленуі тиіс, өйткені жаз бен күздің бастапқы айлары көкөніс пен жемістердің молшылық кезеңі. Ет және сүт өнімдерінен бас тартудың қажеті жоқ, тек оларды тәуліктің ыстық басылған кезінде жеу керек. Жаз мезгілінде баланың тамақтану принциптері сол күйінше қалады, тек бір ғана өзгеріс енгізуге болады. Таңертеңгі кезде сүтке емес, сүт пен судың қоспасына пісірілген ботқаны ұсынуға болады. Жазғы ботқаларға күріш, қара құмық, сөк, сұлы жатады. Ботқаны пісіріп болғаннан кейін оған баланың жас ерекшелігіне сай жазғы жидектерді қосуға болады. Балаға май жаққан нан, ал сусынға какао не сұйық шай беруге болады. Екінші таңертеңгілік мәзірге балғын жемістер қосылған иогурт, сүзбе, биолакт немесе бөлкі мен компот беруге кеңес береміз. Түскі асқа ішіне кәді (кабачки), қызанақ, орамжапырақ немесе бұршақ қосылған майсыз еттен дайындалған сорпа беріледі. Көкөніс салаттарын қосып беруге болады. Көп жағдайларда балалар екінші тағамды жеуден бас тартады, баланы күштеп тамақтандыруға болмайды. Оны салатпен алмастыруға болады, біріншіден ол жеңіл тамақ, екіншіден дәрумен мен және басқа да пайдалы заттарға бай. Сұйық тағам ретінде кисель, жидектер, жемістерді ұсынуға болады. Бесін мәзіріне жидек не жеміс қосылған айран беріледі. Одан басқа сүзбеден жасалған тағамдар да беруге болады: запеканка, сырник, құймақ немесе бір стакан сүт пен печенье. Балалар жазда тез өсіп кетеді, «көз алдында бойшаң болады». Осыған байланысты баланың толыққанды дамуы үшін балаға негізгі құрылыс материалы – нәруыз (белок) түсіп тұруы тиіс, ал көмірсулар мен майлардың мөлшерін азайту қажет. Нәруызды азық – түліктер сүймейтін тағамның тізіміне жиі еніп кетеді: олар не өте ыстық болады, не оны әбден шайнап жеу керек болады, бірақ оларды ас мәзірінен шығарып тастауға мүлдем болмайды. Ата – ананың бірінші міндеті – осы нәруыздарды баланың ағзасына қалай жеткізуді мұқият ойластыру.

Жаз мезгіліндегі нәруыздың ең қолайлы көзі — сүзбе қосылған сүт коктейльдері болып есептеледі. Өздері қолдан қызанақ пен ірімшік бөлігін құс етімен қосып, гамбургер жасап беруге болады. Бала ағзасының майларға сұранысы сол күйінше қалады, тек жаз мезгілінде көбіне өсімдік тектес майларға көп көңіл бөлген дұрыс. Сонымен қатар баланың ас мәзірінде зығыр, зәйтүн, жүгері және күнбағыс майы қосылған салаттар болуы тиіс. Мәзірде көмірсулардың жеткілікті мөлшері болуы керектігін уайымдамаса да болады: мұндай құнарлы заттар өсімдік және жануар тектес азық – түліктің құрамында жеткілікті мөлшерде болады. Және қандай ыстық болса да бала тәттілер мен жемістерден ешқашанда бас тартпайды. Осы тұрғыда аспазшымыз жұмысын жақсы жүргізуде. Балаларға дәруменге бай тағамдар жасауда. Ас мәзіріне қарап балаларға тағамдар берілуде.

Үшінші мәселе бойынша медбике сөз алды. Ол кісі өз сөзінде кез келген мектепке дейінгі мекеменің басты міндеттерінің бірі – балалардың денсаулығын нығайтып, өмірін қорғау болып табылады. Қазақ халқы қай уақытта болмасын ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көп көңіл бөліп, ұрпағымыздың денсаулығы мен амандығын тілеген.

Денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты. Бала 2-3 жастан бастап балабақшаға барады. Балалар бақшада күн ұзақ болып, көптеген уақытын осы «екінші үйінде» өткізеді. Тәрбие мен білім алады, өседі-өнеді, денсаулығын нығайтады. Білім ұйымдарында аурулардың алдын алу, денсаулықты нығайту, дене тәрбиесін жетілдіру, тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтына жағдай жасау бойынша қажетті іс-шаралар жүргізіледі. Жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан – сау денеден ғана болады» - деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі

мақсаты мен алғақойған үлкен міндетінің бірі. Балалардың денсаулығын қалыптастыратын қолайлы және қолайсыз факторлар болады. Атап айтқанда:

Қолайлы факторлар: ең жақсы қимыл-қозғалыс тәртібі; шынығу; дұрыс, балансты тамақтану; рационалды күн тәртібі; қоршаған орта әсерінің гигиеналық нормаларға сәйкес болуы; гигиеналық дағдылар және дұрыс тұрмыс-қалыпта өмір сүру.

Қолайсыз факторлар: қимыл-қозғалыс қажеттілігінің жеткіліксіздігі, немесе шамадан тыс жоғары болуы; оқу-тәрбие процесстерінің және күн тәртібінің бұзылуы; ойын, оқу және еңбек іс-әрекеттеріне қойылатын гигиеналық талаптардың орындалмауы; тамақтануды ұйымдастырудағы кемшіліктер; гигиеналық дағдылардың болмауы, зиянды әдеттермен айналысу; жанұядағы және балалар ұжымдарындағы қолайсыз психологиялық климат. Денсаулық – табиғаттың берген құнды байлығы, оны бастапқы күйде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сүруіне байланысты екенін есте сақтай отырып, шынықтыру

жұмыстары жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай жүргізілуі керек. Шыныққан бала аз ауырады, тәбеті мен ұйқысы жақсы, бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады. Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Ұзу немесе тоқтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады. Сондықтан да, шынықтырудың жүйелілігі, яғни шынықтыру әрекеттері күнделікті кез келген мезгілде жүргізілуі тиіс. «Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде, ұйқыдағы сәбидің келбетіне», - деп жырлаған Мұқағали Мақатаев жырларынан баланың амандығы еліміздің тыныштығына байланысты айтылғанын байқауға болады. Балабақшадағы балалардың өміріне тікелей тәрбиешілер жауапты болып саналады. Жаз кезінде дәрумендердің қолдануы мен шығыны көбейеді. Мысалы, С дәруменінің түсуі мен шығыны тең болады, сондықтан ата-аналардың міндеті – бұл дәруменнің қорының толығып тұруын үнемі назарында ұстаулары тиіс. Сонымен қатар Д және В тобының, басқа да дәрумендер де қажет. Осы себептерге байланысты баланың мәзірінде әрдайым

дәруменді тағамдар – салаттар, балғын жемістер мен көкөністер болуы керек.

Салаттарға аздап пияз бен сарымсақты қосуға болады, олар баланың тәбетін ашып қана қоймай, асқазан сөлінің бөлінуіне әсер етеді. Көк шөптерді қосса тіпті керемет болады! Шөптің кез-келген түрі дәрумендерге бай болумен қатар, баланың тәбетін ашады. Жаз мезгілінде жұқпалы ішек ауруларының туу қаупі жоғарылайды. Сондықтан балабақша аспазшысы да, ата-аналар да оны болдырмас үшін балаларды қауіпсіздендіру тәртібін сақтаулары тиіс. Тамақты дайындау кезінде гигиеналық шараларды қатаң сақтаулары тиіс. Барлық азық-түліктер ағын судың астында жуылып, тағамды кесіп дайындайтын тақтайшалар арнаулы жуғыш құралдармен жуылып, кептірілуі керек. Шикі көкөністер мен жемістер ыссы ағын су астында жуылып, әрбір көкөніс пен жеміс мұқият қаралуы тиіс. Азық-түліктерді жуатын судың сапасы үнемі назарда болуы керек. Бала сапалы су ішуі керек, ең жақсысы құтыдағы суды пайдалану қажет. Салаттар мен сусындар дәл тамақты ішетін кезде дайындалып, тауысып жегізілуі тиіс. Сүт, сүзбе, иогурттар мен айран тоңазытқышта сақталып, ашылғаннан кейін тауысып жеп немесе ішіп қойған дұрыс болады. Базардан алынған сүтті міндетті түрде қайнату қажет. Жұмыртқаны қабығымен пісіріп береді. Кез-келген азық-түлікті сатып алғанда шығарылған мерзімі мен сақталу тәртібін мұқият қарап алған жөн. Тіпті мерзімі дұрыс болғанның өзінде, ашқаннан кейін балаға берместен бұрын ересек адам дәмін татып қарауы керек. Тек осы тәртіптерді сақтаған кезде ғана ішек ауруларын толықтай болдырмау мүмкіндігі туады.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері О. Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде жазғы уақыттағы балалармен жұмысты сауықтыру деп айтады. Осы арқылы оның мақсаты мен бағыты айқындалады. Денсаулықты нығайтуға қолайлы жазғы күндерді дер кезінде пайдалану және әрбір баланың денсаулығын түзеуге және шынықтыруға ұмтылу маңызды. Балабақшаның жаз кезіндегі жұмысының негізгі мақсаты сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға арнаған неғұрлым тиімді жағдайлар жасау және балалардың танымдық қызығушылығын дамыту болып табылады. Салауатты өмір салты – қызметтің кез келген саласында, үйде, демалысты белсенді болудың негізі. Денсаулықпен ерте жастан айналысқан маңызды. Мектеп жасына дейінгі балалардың жаздың күні таза ауада болуы бала ағзасын нығайтады және шынықтырады, олардың жан-жақты дамуы мен эмоциялық көңіл күйіне оң әсерін тигізеді. Мектепке дейін білім беру жөніндегі әдіскер педагогтарға көмек ретінде қажетті анықтамалық әдебиетті: бос уақытты өткізу жөніндегі, жазғы халық мейрамдарының күнтізбесін, сондай-ақ өткен жылдардағы балалармен жазғы жұмыс тәжірибесінің материалдарын: қысқаша сипаттамасымен бірге қозғалғыш, спорттық, қимыл қозғалыс ойындарын, құрылыстық-конструкциялық және дидактикалық ойындар картотекасын; тәжірибелік кеңестер мен әдістемелік ұсынымдарды таңдап бере алады. Балабақша ауласын балалардың ойнауына, балабақшада қызықты етіп өткізуіне жағдай жасау керек. Ол үшін ойын алаңдарын дұрыс ұйымдастыру керек. Балалардың өміріне қауіпсіз етіп жасаған дұрыс. Қауіпсіздік шараларын ойын алаңдарында жасаған тиімді. Бастысы біздің балаларымыздың денсаулығы. Осы тұрғыда атқарылатын жұмыстар өте көп. Сол жұмыстарды жасауды қолға алғалы отырмыз.

5-мәселе бойынша балабақшадағы шаруашылық меңгерушісі сөз алды. Биылғы жылы балабақшада кішігірім жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жөндеу жұмыстары тамыз айының соңғы аптасында болмақ. Бұл жөндеу жұмыстары әрине ұжымның көмегімен өтеді. Ауладағы 3 ғимараттың сыртқы жақтарын жөндеп жаңартып бояу қажет. Барлық топта әктеу, ырлау жұмыстары жүргізіліп, оған қосымша толығымен тазалық жұмыстары атқарылу тиіс. Балаларға арналған үстелдер мен кереуеттер тексеріліп, ақауы барлар толығымен жөнделуі керек. Асханаға қажетті ыдыстарды да толықтырамыз. Еліміздің болашағы - бүгінгі балабақша бүлдіршіндері десек, олардың салауатты да, дені сау, тәрбиелі болып өсуіне ықпал жасау біздің міндетіміз - деп қорытындылады.

Шешімі :

1. Жазғы тамақтандырудың ұйымдастыру дұрыс жүргізілсін.
2. Бала денсаулығын нығайту жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары жүргізілсін.
3. Балабақша ауласын дайындау қадағалансын.
4. Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстары жоғары дәрежеде жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н